

*Д. А. Амангельдиев, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторанты,
полиция подполковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ БАҚЫЛАНАТЫН САТЫП АЛУДЫ ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі жағдайда балықтарды заңсыз алу кеңінен тараған қылмыс түрі қатарынан орын алып отыр. Заңсыз айналымнан заңсыз ауланған құнды балықтардың түрлері мен азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін уылдырықтар тәркіленіп алынады. Осылайша балықтардың заңсыз айналымы еліміздің экономикасы мен экологиясына орасан залал келтіріп қана қоймай, сапасыз әнім тұтынушыларға да қауіп төндіретіні сәзсіз. Заңсыз балық аулау баяғыдан-ақ ұйымдасқан қылмыс сипатын алу-да, әйткені ол лауазымды тұлғалар әзінің лауазымдық қызметін қолданудан, заманауи техникалық құралдар мен заңмен тыйым салынған аулау құралдары түрлерін пайдаланудан көрінеді.

Бұл аталған қылмыстарды анықтау белгілі бір уақыттарда өтетін «Бекіре» арнаулы жедел ескерту шараларында жүзеге асады.

Бұл сияқты қылмыстық әрекет негізінде белгілі бір адамдар бөлігінің мемлекет бекіткен ережелер мен тыйымдарға қарамай, материалдық құндылықтарға ие боп қалуға ұмтылулары жататыны анық. Қылмыстылық осынысымен де күшті, әйткені ол адам дамуының ажырамас бір бөлігін құрап, заңмен үнемі қайшылықта болады¹.

¹ Абдиров Н. М. Преступность как социальный феномен // Проблемы борьбы с преступностью на современном этапе: Мат-лы междунаро. науч.-практ. конф. 30.05.2003. — Караганда, 2003.

Біздің пікірімізше, бекіре тұқымдас балықтардың, оның әнімдерінің заңсыз айналымына қарсы жүргізілетін тиімді жедел-ізвестіру шараларының бірі, ол Қазақстан Республикасының «жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңында жедел сатып алу — ықтимал қылмыстық әрекет туралы ақпарат алу мақсатында, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырушы органның хабардар болуымен және оның бақылауымен тексерілетін адамнан тұтыну немесе өткізу мақсатынсыз ақылы түрде заттар сатып алынатын жалған мәміле ахуалын орнату деп беріледі.

Тәжірибеде бақыланатын сатып алу есірткілердің айналымын бақылау үшін қажет, әсіресе мұндай жедел-ізвестіру шарасын наркобизнеске қарсы күрес бөліністері жиірек қолданады. Әйтсе де жедел-ізвестіру бөлімдерінің қызметкерлері бақыланатын сатып алу дегенде есірткі құралдары мен халықтың тұтыну тауарлары ғана емес, азаматтық айналымдағы дүние-мүліктер, одан алынатын заттар да (қару, оқ дәрі, антиквариант, т. б.) жатуы мүмкін екендігін де ұққандары ләзім. Осындай тұрғыдан алғанда, қылмыс шеңберінің көлемі ұлғаяды, әйткені оларды ашу кезінде қылмыстық әрекетті құжаттандырау үшін қажетті жедел ақпарат алуға мүмкіндік туғызатын бақыланатын сатып алу қолданылады. Осыған байланысты біз қарастырып отырған шараларда қолданылатын заттардың тізімі де ұлғая түседі, оларға: біріншіден, ерікті саудада сатуға тыйым салынған не шектеулер қойылған тауарлар, құнды заттар, заттар мен бұйымдар, әнімдер, жабдықтар жатады, екіншіден, бұл заттар мен бұйымдар қылмыстық жолмен алынған не өзінде қылмыс іздерін сақтап қалған не қылмыс жасаудың құралы (қаруы), үшіншіден, бұл тауарлар, құнды заттар, заттар мен бұйымдар, әнімдер, жабдықтардың қылмыстық анықтауға, алдын алуға, жолын кесуге және ашуда маңызы бар болып келеді.

2014 жылғы 29 қыркүйекте Астраханьда бекітілген Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын тиімді пайдалануды сақтау бойынша келісімге сәйкес, бекіре тұқымдас балық пен оның әніміне мораторий жарыланған⁴. Осыған байланысты бекіре тұқымдас балықтар мен оның әнімдері бақыланатын сатып алуғағы бірінші топқа жатқызылады, оларды қолдану біздің пікірімізше өте тиімді келеді.

Бұл жедел-ізвестіру шарасының екі құқықтық режимі бар. Біріншісі, Қазақстан Республикасының «жедел ізвестіру туралы» Заңының 11-бабында айқындалған, бұл жедел-ізвестіру шарасы «жедел сатып алу» ретінде қарастырылған. Жедел сатып алу жедел уәкіл қызметкерлері алынған ақпаратты тексеру арқылы анықтау және адамдардың қылмыстық әрекеттерін құжаттау мақсатында өткізеді.

Екіншісі, бұл жедел-ізвестіру шарасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 30-тарауының 250-бабында «жасырын бақыланатын сатып алу» ретінде қарасты-

рылған. Жасырын бақыланатын сатып алу СДБТ (ЕРДР)-да тіркелгені туралы ақпарат түскеннен кейін тергеушінің тапсырмасымен жасырын тергеу әрекеттері аясында әткізіледі. Бұл секілді жедел-іздістіру шараларының ұйымдастырылуы мен тактикасы жедел сатып алумен бірдей ұқсас келеді. Алайда жасырын бақыланатын сатып алуды әткізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жасырын тергеу әрекеттері, біз жоғарыда айтқандай, тергеушінің тапсырмасымен орындалады. Оған Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің кәрсетілген жасырын тергеу амалдары да кіреді. Мәселен, жасырын бақыланатын сатып алу белгілі бір адамдар мен белгілі бір орындарда жасырын аудио немесе бейнежазбаға түсіру немесе белгілі бір орынға ену мен оны қарау секілді әткізіледі, оған Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 3-бөлімінің 232-бабына сәйкес прокурордың санкциясының берілуі міндетті болады. Ал өзге адамды не орынды жасырын бақылау, қылмыстық әрекетке әдейі бару не қылмыстық топқа жасырын ену секілді жасырын тергеу әрекеттеріне прокурордың санкциясының қажеті жоқ, алайда тергеуші ережеге сәйкес 24 сағат ішінде прокурорға атқарушы-бөліністерге бағыттама тапсырысын бергендігін мәлімдейді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынаны ескергеніміз жән. Бұндай жасырын тергеу әрекеттеріне санкция алу немесе прокурордың ЖТӘ әткізуге тапсырма беруі алдағы әткізе-тін шаралардың консперациясын (жасырын әткізуді) бұзуы мүмкін.

Абдиров Н. М. Преступность как социальный феномен // Проблемы борьбы с преступностью на современном этапе: Мат-лы международ. науч.-практ. конф. 30.05.2003. — Караганда, 2003. 28

- 2 «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы // <http://online.zakon.kz>
- 3 Нурмаганбетов А. А. Методические рекомендации по организации и тактике проведения оперативной закуп-ки. — Караганда, 2010.
- 4 «Каспий теңізінің су биологиялық ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану туралы келісімді ратификация-лау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 17 шілдедегі № 332-V ҚРЗ. // <http://online.zakon.kz>
- 5 «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ПМ 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892 Бірлескен Бұйрығы. // <http://online.zakon.kz>